

Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысының Әкімдігінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 165 қаулысы. Алматы облыстық Әділет басқармасында 2005 жылғы 08 тамызда N 1941 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі N 286 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2012.09.18 N 286 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, облыс аумағында таралған карантиндік объектілердің ошақтарын жою және оқшаулау жұмыстарын жүргізу мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Облыс аумағында жалпы көлемі 251,004 мың гектар болатын карантиндік объектілердің түрлері бойынша аудандар (қалалар) шеңберінде 1-қосымшаға сәйкес карантиндік тәртіп жариялай отырып, карантиндік аймақ белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Алматы облысы әкімдігінің 2007.01.22 N 5 Қаулысымен.

2. Облыс аумағында карантиндік аймақ енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық аумақтық басқармасы (Н.С. Айтуғанов), облыстың ауыл шаруашылығы департаменті (Ж.Б. Балтабеков), аудандар және қалалар әкімдері осы қаулының орындалғаны туралы облыс әкімдігіне жыл сайын, 25 қыркүйек пен 30 желтоқсанға ақпарат тапсырсын.

4. Облыс әкімдігінің 2005 жылғы 01 маусымдағы "Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы" 130 қаулысы жойылсын.

5. Осы қаулы баспасөзде алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ә.Ә. Тойбаевқа жүктелсін.

О б л ы с ә к і м і н і н

міндетін атқарушы

В. Долженков

Облыс

2005

"Облыс

белгілеу

N 1 қосымша

жылғы

аумағында

туралы"

20

карантиндік

N

165

әкімдігінің

шілдедегі

аймақ

қаулысына

Алматы облысы аумағында ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің аса қауіпті зиянкестерін жоюға арналған карантиндік аймақ көлемі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Алматы облысы әкімдігінің 2007.01.22 N 5 Қаулысымен.

N	Аудандар	Барлық залалданған жер көлемі (га)	соның ішінде карантиндік объектілердің түрлеріне							
			калифорниялық қалқаншалысымыры	американдық ақкөбелек	Комсток құрты	шығыс жеміс жемірі	жусан жапырақты ойран шөп	жатаған у кекіре	сары шыр-мауық	картоптық алтын түсетес жұмыр құрты
1	Алакөл	21005						20000	1005	
2	Ақсу	22296						21715	581	
3	Балқаш	1710						30	1680	
4	Еңбекші-казак	46972,3	857	365		617,5	2708	30592,7	11832,1	
5	Ескелді	5750						2550	3200	
6	Жамбыл	6230						5620	610	
7	Іле	5634	74	470			340	3000	1750	
8	Қарасай	8048	422	150		235	214	3946	3081	
9	Қаратал	11838						7945	3893	
10	Кербұлақ	48685						48505	180	
11	Көксу	22610	15					13985	8610	
12	Панфилов	6542	249		121	367		4300	1505	
13	Райымбек	4269,21						3950	280	39,21
14	Сарқан	13661	1					12620	1040	
15	Талғар	19170,5	429	398		143,5	2927	12864	2409	

16	Ұйғыр	1358						778	580	
17	Текелі қ-сы	1150						850	300	
18	Талды-қорған қ-сы	3615	25					1650	1940	
19	Қапша-ғай қ-сы	460						300	160	
	ЖИЫН-ТЫҒЫ:	251004	2072	1383	121	1363	6189	195200,7	44636,1	39,21

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Алматы облыстық аумақтық

инспекциясының бастығы

Н. Айтуғанов

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы 20 шілдедегі
"Облыс аумағында карантиндік аймақ
белгілеу туралы" N 165 қаулысына
N 2 қосымша

Алматы облысы аумағында карантиндік аймақ енгізу жөніндегі іс - шаралар жоспары

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Алматы облысы әкімдігінің 2007.01.22 N 5 Қаулысымен.

№	Іс-шаралардың аталуы	Орындау мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Жер пайдаланушылар арасында карантиндік тәртіпті және карантиндік объектілерді жою жөніндегі талаптарды қалтқысыз орындау міндеттері туралы ұйымдастырушылық - түсінік жұмысын қамтамасыз ету	үнемі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы, облыстық ауыл шаруашылығы департаменті, аудан, қала және ауылдық және кенттік округ әкімдері
2	Карантиндік іс-шараларды насихаттау: 1) химиялық күрес шараларын жүргізу жөнінде тұрғындарға хабарлау; 2) тұрғындармен әңгіме өткізу және консультация беру; 3) баспасөз бен теледидарда материалдар жариялау	үнемі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы, облыстық ауыл шаруашылығы департаменті, аудан және қала әкімдері

3	Облыстың аудандары мен қалалары және елді мекендері аумақтарында, шекара маңындағы 3 километрлік аймақтағы алқаптарды, автомобиль жолдары жағалауларын қоса отырып, карантиндік объектілермен залалданған ошақтарды анықтау үшін тексеру жүргізу	вегетациялық кезеңде	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің Алматы облыстық инспекциясы, карантиндік объектілермен залалданған жер иелері
4	Карантиндік объектілерді жою шараларын жүргізу: 1) карантиндік зиянкестер мен арамшөптерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары; 2) карантиндік объектілерді механикалық жолмен жою	вегетациялық кезеңде	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің Алматы облыстық инспекциясы, карантиндік объектілермен залалданған жер иелері
5	Карантиндік объектілермен күрес жөнінде өткізілген шаралардың тиімділігін анықтау мақсатындағы бақылап - тексеру жұмыстарын жүргізу	жою іс-шаралары аяқталғанда	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы
6	Залалданған аумақтардың шекарасын, қосымша тексерулер жүргізу жолымен нақтылау	қазан	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы
7	Ауылшаруашылығы өнімдерін залалданған аймақтардан алып шығу кезінде карантиндік қатаң бақылауды қамтамасыз ету, тасымалдайтын ыдыстарды, көлік құралдарын, жабық товар вагондары мен жүк автомашиналарын аэрозольдармен залалсыздандыру (қажетіне қарай)	үнемі	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы
8	Өсімдік қорғау жөніндегі химиялық құралдармен және химиялық өңдеуден өткізуге қажет қызмет көрсету құралдарымен қамтамасыз ету	химиялық өңдеу басталғанға дейін	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматы облыстық аумақтық инспекциясы, ауылдық және кенттік округ әкімдері

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Алматы облыстық аумақтық
инспекциясының бастығы **Н. Айтуғанов**